

«Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің білім алушыларының Студенттер үйінде тұру шарттарымен қанағаттануы» сауалнамасының қорытындысы бойынша анықтама

Ректордың 14.11.2024 жылғы №1489 бұйрығына сәйкес Сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді бағалау департаменті «Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің білім алушыларының Студенттер үйінде тұру шарттарымен қанағаттануы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырды.

Сауалнаманың мақсаты – студенттердің үйлерінде тұру жағдайларына қанағаттануын талдау.

Міндеттері:

1. Студенттердің тұрмыстық жағдайларға қанағаттануын зерттеу.
2. Студенттер үйінде студенттік өмірді ұйымдастырудың проблемалық аспектілерін анықтау

Сауалнама білім алушылардың ААЖ «Platonus» жеке кабинеттері арқылы жүргізілді


Зерттеуге 1383 адам қатысты (Студенттер үйінде (СҮ) тұратын студенттер санының 53,7%).

СҮ-де тұру жағдайларын бағалау.

Респонденттерге СҮ-де тұру жағдайларын мынадай критерийлер бойынша бағалау ұсынылды: тұрғын бөлмелердің жай-күйі, бөлмелердегі жылыту сапасы, душ кабиналарының, жуынатын бөлменің жай-күйі, демалыс бөлмелері мен тұрмыстық бөлмелердің жай-күйі. Респонденттер барлық көрсеткіштерді 5 балдық шкала бойынша бағалады. Әрбір СҮ бойынша респонденттердің қанағаттанушылығын талдаудың жалпы нәтижелері 1 диаграммада көрсетілген.

Диаграмма 1

Удовлетворенность бытовыми условиями проживания в Домах студентов




Тұрмыстық жағдайларға қанағаттанудың жалпы бағасы **3,5 баллды** құрады. 2022-2023 оқу жылындағы осындай сауалнамада мұндай көрсеткіш **2,8 балл** болды, яғни өсім **0,7 баллды** құрады. Салыстырмалы кестеде барлық критерийлер бойынша оң динамика байқалады..

Көрсеткіштер	2022-2023 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Тұрғылықты бөлмелердің жағдайы	3,2	3,6
Тұрғылықты бөлмелердегі жырудың сапасы	2,3	3,2
Душ кабинасының жағдайы	2,5	3,2
Санитарлық блоктың жағдайы	3	3,7
Демалыс бөлмелерінің жағдайы	2,9	3,6
Тұрмыстық бөлмелердің жағдайы	2,7	3,6
БАРЛЫҒЫ	2,8	3,5

Әр критерий бойынша тұрмыстық жағдайларға қанағаттануды қарастырайық. Барлық СҮ бөлмелерінің жай-күйін респонденттер **3,6 баллға** бағалады.

Диаграмма 1


Состояние жилых комнат в Домах студентов



СҮ тұрғын бөлмелерінің жылыту сапасын респонденттер **на 3,2 баллға** бағалады.

Диаграмма 1б


Качество отопления в Домах студентов



СҮ душ кабиналарының сапасы **3,2 баллға** бағаланды (диаграмма 1с).

Диаграмма 1с


Состояние душевых кабин в Домах студентов



Санитарлық блоктың жағдайын респонденттер жалпы **3,7 баллға** бағалаған болатын (диаграмма 1d).

Диаграмма 1d


Состояние санузлов Домах студентов



«Демалыс бөлмелерінің жағдайы» көрсеткіші бойынша жалпы баллдар саны **3,6 балла құрайды** (диаграмма 1e).

Диаграмма 1e


Состояние комнат отдыха в Домах студентов



СҮ-нің тұрмыстық бөлмелерінің жағдайы көрсеткішінің жалпы бағасы **3,6 баллды** құрайды (диаграмма 1f).

Диаграмма 1f

Состояние бытовых комнат в Домах студентов



Студенттердің эмоционалды-психологиялық жағдайын бағалау үшін «**Бөлмедегі көршілеріңізбен қарым-қатынасыңыз қалай?**» сұрағы қойылған болатын. Сауалнамаға қатысқандардың 77,6% достық қарым-қатынаста екендігі көрсетті, респонденттердің 13,1% жақсы көршілік қарым-қатынаста екен, ал 8,7% көршілермен қарым-қатынастары бейтарап екендігін атап өтті.

«**Сіз Студенттер үйінде біреуден моральдық-психологиялық қысым көрдіңіз бе**» сұрабына респонденттердің 92,3 мұндай жағдайда болмағандықтарын айтты. 7,7% (107 адам) Студенттердің үйінде біреуден моральдық-психологиялық қысымы болғанын растады.

Жалпы, Студенттер үйінің әкімшілігінің жұмысына барлық респонденттердің 74,9 қанағаттанушылық танытады, 21,9% толығымен қанағаттанбайды және тек 3,2% қанағаттанбағандығын атап өтті. СҮ әкімшілігінің жұмысына қанағаттанбағандардың ішінде №4 А жатақхана тұрғындарынан басқа барлық СҮ тұрғындары бар.

Студенттерге көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша тілектерін айту ұсынылды. 38% негізгі бөлігі студенттердің үйлерінде жылыту сапасын арттыруды қалайды (ұсыныс әр СҮ-нен бар, бірақ респонденттердің көпшілігі №5 және №6 СҮ тұрғындары). Душ кабиналарының сапасын жақсартуды және олардың санын көбейтуді респонденттердің 19% сұрайды (мұндай ұсыныстардың жартысынан көбі (98 адам – 67%) №5 және №6 СҮ тұрғындарынан алынды). Төмендегі ұсыныстардың үлесі 8-ден 10% - ға дейін, бұл интернет сапасын жақсарту және Wi-Fi қамтамасыз ету, тұрмыстық техниканың (тоңазытқыштар, микротолқынды пештер және кір жуғыш машиналар) санын көбейту бойынша ұсыныстар. Сауалнамаға қатысқандардың 5% - ы жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы жазды.

Қорытындылар:

1. Тұрмыстық жағдайға қанағаттану өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда **0,7 баллға** өскен (2024 ж. – 3,5% құраса, 2023 ж. - 2,8 балл болған).
2. Душ кабиналарының жай-күйі мен тұрғын бөлмелердегі жылыту сапасын (3,2 балл) алмағанда, әрбір 5 критерий аясында сауалнама нәтижелері 3,5 баллдан жоғары

болып тұр. 2023 жылғы сауалнамада барлық критерийлер бойынша көрсеткіштер 3 ұпайдан төмен болатын (2,3-тен 2,8-ге дейін).

3. СҮ-де тұру жағдайларының оң динамикасына қарамастан, №5 және №6 СҮ-нің жылу режиміне және душ бөлмелерінің жай-күйіне ерекше назар аудару керек, өйткені респонденттер оларды ең төменгі баллмен (2,6-дан 2,8-ге дейін) бағалады.

4. Студенттердің сауалнамаға жауаптарын талдау СҮ-нің негізгі проблемаларды анықтады, олар: жылу сапасының төмендігі, ыстық судың нашар жеткізілуі, душ бөлмелері мен сол жердегі ақаулы сантехника, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі.

Ұсыныстар:

1. Жетекшілік ететін проректорлар мен жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларын сауалнама нәтижелерімен таныстыру.

2. Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті СҮ-де тұратын білім алушылардың ескертулерін жою және ұсыныстарын іске асыру жөнінде ұсыныстарды жинауды жүзеге.

3. Сауалнама барысында алынған ескертулер мен ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленсін.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген